

## Солтүстік Қазақстан облысы аумағында жолаушыларды автомобильмен әлеуметтік мәні бар тұрақты облысішілік тасымалдауға тарифі белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 21 қарашадағы № 461 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 11 желтоқсанда № 4420 болып тіркелді.

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 19-бабы 4 және 5-тармақтарына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы аумағында жолаушыларды автомобильмен әлеуметтік мәні бар тұрақты облысішілік тасымалдау тарифі 1 (бір) километрге 9 (тоғыз) теңге көлемінде белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жана редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 21.04.2023 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.03.2024 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мыналарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы әкімдік қаулысын мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тіліндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы - Солтүстік Қазақстан аймақтық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

3) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2017 жылғы 1 қантардан бастап туындаған қатынастарға таралады.

Солтүстік Қазақстан облысының  
әкімі

Қ. Ақсакалов

КЕЛІСІЛДІ:

*Солтүстік Қазақстан облыстық*

*мәслихаттың хатшысы*

*2017 жылғы 14 қараша*

*B. Бубенко*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК